


# САЛТ-ДАСТУР - ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҒЫМЫЗ



**Кой сою да, бас тарту да  
өнер...**

"Койдың сүті – қорға-  
сын" дег халқымыз  
жоғары бағалаған.  
**Қойдан алынатын тұтыну  
тағамдары ғасырлар бойы  
халқымызбен бірге жасасып  
келеді. Мұнан бөлек, "Мал  
өсірсөн кой өсір – пайдасы  
оның, көл- көсір", дегенді де  
тегін айтпаган. Сонымен...**

Ежелден адамның және  
малдың басын ұлықтау,  
қадірлеу, құрмет тұту өсірсесе  
кешпелі халықтардың  
салт- дәстүрінде молынан  
сақталған.

Қазақ руханиятының төрөң  
білімді жоқшысы – зерттеушісі,  
этнограф- ғалым, марқұм  
Жағда Бабалықұлын тындал  
көрсек.

"Қазақтардың малды  
сойып, жіліктеп, мүшелеуден  
бөлек адам анатомиясы,  
малдың дене құрылышы  
жәнінде медициналық білімін  
жоғарылығына дөлел. Әйткені

олар қойдың бас сүйегінің  
атауын бүте-шігесіне шейін  
білген. Ол қойдың басын  
терезе алдында, жарықта  
ұстап, біраз айдан сон  
белшектерінің 400 шамасы  
атауын тізбектейді", -дейді  
ғулама қария... "Ойпырмай-  
а", - дейміз еріксіз тандана. Бір  
қойдың басынан, бәлкім құллі  
денесінен төрт жұзге жуық  
атау табу дегеніміз әлемде  
жоқ сез бер білім байлығы  
емес пе!?

Енді бас тартудың мәні,  
жолы жөнінде тағы да  
ақылман, көнекөз қарияларды  
тындаасақ. Мұнда ен бірінші  
бастың таза үйітілуі,  
құйқасының жыртылып, рәсуса  
болмауы, тісінің қағылтуы, көз  
сүйін ағызы, құлақтарының  
сынбауы ерекше назарда  
усталынады. Әрине, соナン  
сон қадірменді қонаққа ерекше  
құрметтің белгісі ретінде семіз  
көй сойылады. Мұнан кейін  
тартылған бастың құлғыны  
кесудің де екі түрлі мәні бар  
екен. Алғашқысында қонақ

малдың құлғына салынған  
ен-танбага қарап бағалап,  
солар сынды дәүлетті болуды  
кексл, ырым етіп жейді екен.  
Дегенмен, аса бақуатты  
әүлеттің әйелдері „береке  
ауып кетеді" дег піскен басты  
дастарханға тартпай тұрып бір  
құлғының кесіп алып қалатын  
көрінеді...

**Басты кім ұстамайды?**

Халқымыздың бай  
фольклорын, салт- дәстүрін  
жинауда ерекше еңбек сінірген  
этнограф- ғалым Әбубекір  
Диваев: "Қазақтарда қойдың  
әрбір мүшесін қызметтіне  
қарай белу адеті қалыптасқан.  
Осындаі бөлініс кезінде бас  
үлкенге тиеді. Әкесі бар адам  
алдында өз әкесі сияқты  
үлкен адам болғандықтан  
басты ұстай алмайды", - дейді.  
Осының өзінде халқымыздың  
үлкенге деген сый- құрметі  
жатыр...

**Б.САПАРБЕКОВА,  
М.Әуезов атындағы ОҚУ-  
дың магистр қызытушысы.**